

## Жамбыл ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 12 мамырдағы № 238 қаулысы

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37 бабына сәйкес, Жамбыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекіту туралы, Жамбыл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 29 наурыздағы № 147 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3031 болып тіркелген, 2016 жылдың 09 сәуірде № 27 "Шұғыла-Радуга" газетінде жарияланған), 2016 жылғы 29 наурыздағы № 147 қаулының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Үміткен Қапанқызы Наймановаға жүктелсін.

*Жамбыл ауданының әкімі*

*М. Мұсаев*